

Бизнес-жоспар Стоматологиялық қызметтер кабинетін ашу



ТЕКСЕРГЕН: БЕЙМЕШОВА А
ОРЫНДАҒАН: КАДИРОВА Ә
ТАУЖАНОВА А
ҚҰРМАНБАЕВА Қ

Мазмұны

Кіріспе

1. Жобаның тұжырымдамасы
2. Өнімнің (қызметтердің) сипаттамасы
3. Өндірістер бағдарламасы
4. Маркетингтік жоспар
4. Маркетинг стратегиясы
5. Жабдық және инвентарь (техника)
6. Коммуникациялық инфрақұрылым
- 7 Ұйымдастыру, басқару және құрам
- 8.Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсер**

1. Жобаның тұжырымдамасы

Жобаның тұжырымдамасы Батыс Қазақстан облысында стоматологиялық қызметтер кабинетін ашуды қарастырады.

Мыналар стоматология кабинеті қызметтерінің негізгі түрлері:

- Ортопедиялық стоматологиялық қызметтер;
- Терапевтикалық стоматологиялық қызметтер;
- Хирургиялық стоматологиялық қызметтер және имплантология;
- Стоматологиялық бұйымдарды (тістің қабы, протездер);
- Тістің техникалық жұмыстары.

Қызметтерді негізгі тұтынушылар халық және олардың бұйымдары жеткізілетін басқа клиникалар болады.

Кабинет аумағы 350 шаршы метр сатып алынған ғимаратта орналасқан.

Осы бизнес-жоспарда жоспарланған кәсіпорынның айналымын ескере келе қызметті жауапкершілігі шектеулі серіктестік шеңберінде жүзеге асыру ұсынылады..

Осы бизнес-жоспар басшылыққа алатын соңғы нұсқа емес, тек осындай бизнес-идеяны дамытудың әлеуетті мүмкіндігі ғана. Сондықтан да жобаны іске асырған кезде сату бағдарламасы сияқты көрсетілетін қызметтердің де өзгеруі мүмкін. Жоспарланған қызметтердің бәсекелестік басымдығын, сондай-ақ сатып алынатын жабдықтың ерекшелігін барынша ашып көрсету қажет болады..

Кіріспе

Ақылы медициналық қызметтер көрсетушілер арасындағы жоғары бәсекелестік тұтастай алғанда нарықта әр түрлі экономикалық процестерді оңтайландыруға мүмкіндік береді және атап айтқанда, сапасыз қызметтер көрсететін компанияларды ығыстырып шығарады.

Қаржылық дағдарыстың салдарынан кейбір ойыншылар нарықтан кетуге мәжбүр болады, қалғандары жұмысын жалғастыруы үшін бар күш-жігерін жұмсайды. Нәтижесінде нарықта бәсекелестіктің біраз азайғаны байқалады.

Ақылы медициналық қызмет көрсету нарығында стоматологиялық қызметтер көш басында келеді: медицинаның бұл саласы үнемі рентабельді деп есептеледі, бұдан басқа ақылы поликлиникалар бұл салада кеңес одағы кезінен жұмыс істеуде. Бүгінде ақылы стоматологиялық клиникалар негізінен мемлекеттікті ығыстырып шығарды. Халықтың стоматологиялық қызметке сұранысы барлық баға сегменттерінде – ең төменнен суперэлиталыққа дейін қанағаттандырылған.

Стоматология медицинаның ең бір серпінді дамып келе жатқан саласы. Заманауи материалдар, жаңа технологиялар – бұл ауруды сәтті емдеудің негізгі факторларының бірі. Өзіне жаңа технологиялар мен заманауи ғылым жетістіктерін сатып алған және қолданып келе жатқан клиникалар бәсекелестік басымдыққа ие болуда.

Бұл олардың серпінді дамуына және дамуы төмен бәсекелестермен салыстырған пациенттерді көптеп тартуына мүмкіндік береді.

Өнімнің сипаттамасы

Ортопедиялық емдеуге тістің қатты тіндерін тамырына жапсыру, алдын ала, соңғы, қолданыстағы және қосарланған оттискілерді алу; жақ сүйектің орталық арақатынасын айқындау, протездердің қаптары мен тіректерін орнықтыру; тістің түсі мен сыртқы қабын айқындау, алынбайтын конструкция салу, алынатын протездердің конструкцияларын тексеру және оларды орнату кіреді.

Терапевтік стоматология тістерді консервативті емдеумен айналысады. Осы терапевтикалық стоматологиямен айналысатын дәрігерлер тістің саулығын сенімді қорғай алады. Терапевтік стоматологияның негізгі міндеті тістің шіруін, жұлынған тісті емдеу болып табылады. Кейбір клиникаларда стоматолог-терапевтер қызыл иектің ауруын емдейді және тістерді жаңартады.

Атауы

Стоматология - ортопедия креслосы

Металл керамика

Бюгель протездер

Тұтас құйылған тіс қабы

Пластик тіс қабы

Алып-салынатын протездер

Штамптап жасалған тіс қабы

Стоматология - терапевт креслосы

Пломба

Стоматология - хирургия және имплантология

Тістің күрделі жұлынуы

Имплантация

Құю қондырғысы

Қалпақшасын құю (металл керамика. тіректерін, протездер дайындау үшін)

Қалпақшасын қара металдан құю (тіректі протездер аралықтары үшін)

Бюгель протезінің қаңқасын құю

Тістің техникалық жұмыстары

Металл керамика түбірлерін дайындау

Бюгель протездерін дайындау

Тұтас құйылған тіс қаптарын дайындау

Пластмасса тіс қаптарын дайындау

Өндірістер бағдарламасы

2- кестеде өндірістің жылдар бойынша жоспарланған бағдарламасы берілген.

2-кесте - Өндірістің жылдар бойынша жоспарланған бағдарламасы

Сату бағдарламасы жүргізілген маркетингтік зерттеулер (ұсынылатын стоматологиялық қызметтер ретінде тұтынушылардың басымдық берулерін айқындау мақсатында) нәтижелерінің негізінде, сондай-ақ жарнамалық акциялар мен өнімді жеткізуге келісімшарттар жасасу жолымен жүзеге асырылатын болады

Бағаны қалыптастырған кезде тұтынушылардың орташа табыстары арқылы айқындалатын сатып алу қабілеттіліктері ескерілді.

Бағаны қалыптастыру нарықтық бағалар мен өнімнің өзіндік құнына негізделген.

Көрсеткіш	2 0 1 2	2 0 1 3	2 0 1 4	2 0 1 5	2 0 1 6	2 0 1 7	2 0 1 8
Қуаты, %	45%	58%	70%	75%	80%	90%	100%
Сатудан түскен табыс, мың тг.	14 747	37 688	45 881	49 158	52 435	58 990	65 544

Кабинет ұсынатын қызметтердің тізбесі, мың теңге

Стоматологиялық кабинеттің бәсекелестік басымдығын мыналар құрайды:

- жоғары білікті кадрлар және клиникада заманауи, өзін жақсы жағынан көрсеткен технологиялар мен материалдар;
- кешенді сапалы емдеу және пациенттерге ілтипатпен қарау;
- клиниканың ыңғайлы орналасуы;
- клиниканың сауатты менеджменті.

Сату бағдарламасын есептеген кезде инфляция назарға алынған жоқ, бағаның көтерілуі кәсіпорынның сату бағасымен қатарлас жүретін болады.

Атауы	Өлш. бір.	Саны /1 айда	Бағасы, тг.
Стоматология - ортопедия креслосы			
Металлокерамика	дана	50	10 714
Бюгель протездер	дана	2	178 571
Тұтас құйылған қоронкалар	дана	10	6 250
Пластик қоронкалар	дана	10	3 571
Алып-салынатын протездер	дана	10	10 714
Штамптап жасалған қоронкалар	дана	100	2 679
Стоматология - терапевт креслосы			
Пломба	дана	150	5 357
Стоматология - хирургия және имплантология			
Тістің күрделі жұлынуы	дана	90	2 232
Имплантация	дана	20	89 286
Құю қондырғысы			
Қалпақшасын құю (металлокерамика. тіректерін, протездер дайындау үшін)	дана	330	625
Қалпақшасын қара металдан құю (тіректі протездер аралықтары үшін)	дана	330	179
Бюгель протезінің қаңқасын құю	дана	10	3 571
Тістің техникалық жұмыстары			
Металлокерамика түбірлерін дайындау	дана	40	4 464
Бюгель протездерін дайындау	дана	2	89 286
Тұтас құйылған тіс қаптарын дайындау	дана	10	3 571
Пластмасса тіс қаптарын дайындау	дана	10	2 679
Атауы			

Маркетинг стратегиясы

- Кәсіпорынды дамытудың негізгі тәсілі ретінде мүдделі нысаналы топтарға арналған тікелей жарнаманы пайдалану жоспарлануда. Бұл үшін:
- - жаңа стоматологиялық кабинеттің өнімдері мен қызметтеріне арналған семинарлар өткізілетін;
- - жаңа стоматологиялық кабинет туралы жарнамалық материалдар таратылатын;
- - жергілікті маңызы бар арнайы медициналық басылымдарда жаңа стоматологиялық кабинетіне қызмет көрсетуге арналған жарнамалық-ақпараттық материалдар дайындалатын болады.

- **Сыртқы орта мүмкіндіктер**

- Көрсетілетін қызметтер аясын кеңейту.
- Қызметтер сапасын жақсарту, жаңа материалдарды пайдалану
- **Қатерлер**
- Жаңа кабинет орналасқан ауданда жаңа стоматология кабинетін ашу.

- **Ішкі орта басымдықтар**

- Жоғары технологиялы және заманауи жабдықтарды пайдалану.
- Сапалы материалдарды пайдалану есебінен көрсетілетін қызметтер сапасының жоғары болуы. Жоғары білікті құрам.
- Высококвалифицированный персонал.
- **Кемшіліктер**
- Қалыптасқан оң имидждің болмауы(неузнаваемость)

Ғимараттар мен құрылыстар

- Болжамды стоматология кабинетін сатып алынған және жөнделген аумағы 350 шаршы метр орын-жайда орналастыру жоспарлануда. Орын-жай өртке қарсы қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған, сондай-ақ барлық қажетті коммуникациялармен қамтамасыз етілген.

Жабдық және инвентарь (техника)

- Жабдықтар және оларды сатып алу шығындары төмендегі кестеде берілген.

Жабдықтың атауы	Саны	Бағасы, мың тг.	Сомасы, мың тг.
<i>Негізгі</i>			
Стоматология қондырғысы (стоматология креслосы)	3	1 950	5 850
Аспаптар комплектісі	1	63	63
Галогенді бояу полимеризаторы	1	180	180
Компрессор	1	158	158
Тістерді өңдеу мен тазалауға арналған аспаптар	1	67	67
Тіс жолдарын өңдейтін эндодонтикалық аппарат	1	224	224
Емдейтін және диагностика жасайтын эндодонтикалық аппарат	1	89	89
Имплантология аппараты	1	497	497
Құралдар комплектісі	3	300	900
Сандық интраоральнды рентгенді радиовизиограф	1	2 199	2 199
Силиконды қалыптау материалдарын автоматты түрде араластыру жүйесі	1	106	106
Металл керамиканы күйдіру пеші	1	657	657
Балауызды және керамиканы үлгілеу құрылғысы	1	120	120
Компрессорсыз бензожанғыш комплектісі	1	11	11
Пластмассаны полимеризациялау аппараты	1	223	223
Жартылай өткізгішті құю қондырғысы	1	270	270

- **Ұйымдастыру, басқару және құрам**
- Кәсіпорынға директор жалпы басшылық жасайды.

Стоматология жабдығын жеткізуші «Луч» ЖШС болып табылады.

«Луч» компаниясының дүкендерінде заманауи стоматология өндірісінің барлық ассортименті қойылған - материалдар, инструментарийлер, Еуропадан, Ресейден, АҚШ пен Қытайдан әкелінген жабдықтар.

Жабдықтың басымдығы оның сенімді жұмыс істеуі болып табылады.

- **Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсер**
- **әлеуметтік-экономикалық мәні**
- Жобаны іске асыру кезінде:
- жұмысшылардың тұрақты табыс алуға мүмкіндік беретін жаңа жұмыс орнын ашу;
- стоматология қызметін көрсететін жаңа кәсіпорын ашу;
- Батыс Қазақстан облысының бюджетіне салықтар мен басқа да аударымдардың түсуін (70 млн. теңгеден астам) шешу қарастырылған.
- Әлеуметтік әсерлер арасынан мыналарды бөліп көрсетуге болады:
- Халықтың сапалы стоматологиялық қызметке деген сұранысын қанағаттандыру;
- Жобаны іске асыру нәтижесінде 19 жұмыс орны ашылады. Біліктілікті арттыру жоспарлануда. Шығындарға кадрларды оқыту шығыстары қосылған («Өзге де шығыстар» бабы есебінен).
-
- **Қоршаған ортаға әсер**
- Тұтастай алғанда кәсіпорын қоршаған ортаға зиян келтірмейді, өйткені оның қызметі зиянды қалдықтармен байланысты емес, стоматология бұйымдарын дайындаудың технологиялық процесінде зиянды қосындылар мен заттар қолданылмайды..
-

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ